

Б. Туғанбаев¹

¹М.Тынышбаев ат. Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан.
sumbe@inbox.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСТЫҚ–МӘДЕНИ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ШЕШІЛУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Мақалада Қазақстандағы этностық–мәдени проблемалардың шешілу жолдары қарастырылады

Аннотация. В статье рассматриваются возможные пути решения этнических-культурных проблем Казахстана.

Abstract. The article considers possible ways of solving ethnic and cultural problems of Kazakhstan.

Түйінді сөздер: этникалық-мәдени проблемалар, ұлттық идея,

Ключевые слова: этнические-культурные проблемы, национальная идея

Keywords: ethno-cultural problems, national idea

Ұлтаралық қатынас мәдениеті ұлттық саясаттың нәтижесі ретінде. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін егемендік жағдайына сәйкес ұлтаралық қатынастың жоғары мәдениетінің негізі ретінде өзара этникалық қарым-қатынастардың үлгісін жасау мәселесі өзекті болып тұр.

Тәуелсіздікті құру, нарықтық экономикаға негізделген демократиялық мемлекет болу барысында, идеологиялық плюрализмге қажет қазақ мемлекеттілігінің толық мазмұнын қамтамасыз ететін, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне жағдай жасайтын, қазақтардың басымдылық рөл атқаруына, ұлттық жаңару, Қазақстанның тұтас халқының барлық ұлттарының теңдігіне жағдай жасайтын ұлтаралық қатынастар моделін анықтау қажет болды.

Ұлтаралық қатынастар үлгісі ұлттардың дамуына жүйелі түрде бағытталған ықпал ету үшін және олардың белгілі бір нәтижеге жету мақсатында өзара қарым-қатынас жасауы үшін құралады. Мұндай үлгіні құру өте қиын және жауапты іс-әрекет болып табылады, өйткені, ұлтаралық қатынастар өзінің құрылысы жағынан өте күрделі, көпқырлы болғандықтан басқаруға көнбейді. Олар экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, тілдік идеологиялық, психологиялық үрдістермен тығыз байланысты. Ол ерекше әдіс қолдануды талап етеді, бұл жерде өте ұқыпты болу қажет, себебі ұлтаралық қатынастар адам табиғатына жақын мәселе, ол ұлттық сезімді қарастырады. Осыған байланысты, Н.Ә.Назарбаев: «Қарсыластың мәліметтері таусылған кезде ол ұлтын анықтауға кіріседі,- деп тегін айтпаған» [1, б. 420].

Ұлтаралық қатынастар үлгісі келесі құрылымнан тұрады. Оның формасы мен мазмұны мемлекеттік ұлттық саясатпен айқындалады, ол өз кезегінде мемлекетте тұратын ұлттардың өмір сүру салтына сәйкес келетін қоғамдық құрылымның теориялық тұжырымдамасынан тұрады. Мұнда ұлттық саясаттың мақсаты, міндеті беріліп, ұстанымдары, мазмұны, формасы, әдістері, нәтижесі анықталады. Бұның барлығы саяси құжаттарда бекітіледі және заңдық тұрғыдан нормативтік-құқықтық тұрғыда қамтамасыз етіледі.

Тәжірибе көрсеткеніндей, ұлттық моделдің белсенділігін арттыру үшін ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы өте маңызды. Полиэтникалық қоғамда ұлттық моделді бағалау және мемлекеттің тұрақты дамуына жағдай жасау үшін көпұлттылық факторын жою бірінші кезекте тұрады.

Кез келген полиэтникалық мемлекет тәжірибеде өзінің ұлттық моделін насихаттайды. Бұл қоғамда өмір сүріп отырған адамдар үшін шығу тегіне байланысты өз

жағдайын бағалау және ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру өте маңызды болып табылады.

Кез келген нақты мемлекет алдыңғы үлгілердің кейбір тұстарын қайталайды және өзінің ерекшелігін енгізеді. Бұл жерде екі жол болуы мүмкін: «айналық бейне» яғни, басқалардың қолданған тәжірибесіне өзінің түзетулерін енгізу арқылы немесе өзіндік, басқа, шынайы үлгі құру сонда ғана ол осы елдің атына ие болу құқығын иемденеді.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы кезеңде мемлекет ретінде қалыптасу үшін ең алдымен жаһандық қатынастырдың моделін орнату тиіс еді, дегенмен, сан мыңдаған тарихы, мәдениеті және көп ұлтты халқымен дараланып, әйгілі солтүстік-америкалық, оңтүстік-америкалық, еуропалық, қытайлық және т.б. үлгілерге мүлдем ұқсамайтын модель құру қажеттілігі туындады.

Қазақстандық ұлтаралық қатынастар моделі өзінің қалыптасу кезеңінен өзіндік ұлттық нақыштарды қоса келесі ерекшеліктерді ескеруі қажет:

- қоғам тек қазақ жерінде өмір сүреді және дамиды;
- мемлекет құрушы және мемлекетке өз атауын берген – қазақтар;
- унитарлы мемлекет, біріктіруші ұлт – қазақтар;
- көпұлтты мемлекет, онда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады;
- көбіне әр түрлі ұлт өкілдері қазақ жеріне өз еркімен қоныс аудармаған, жиі күштеп, зорлық-зомбылықпен көшірілген;
- қоғамда көпшілікті құраған – қазақ және орыс ұлттары;
- мемлекеттік тіл – қазақ тілі;
- тұрғындардың көбі орыс тілінде сөйлегендіктен, орыс тілі – ресми тіл саналады;
- Қазақстанда тұратын әр ұлттың өз тілін дамыту қажеттілігі;
- қоғам көпконфессиялы – 40-тан астам конфессия бар;
- Қазақстан Республикасы - өзінің қонақжайлылығы, сыпайылығы және дәстүр, мәдениеттерімен қоса, әрбір ұлт – ел мақтанышы;
- қоғамның дамуына ықпал етуші топтар: азаматтық қоғам, демократия, саудасаттық байланыстары, идеологиялық плюрализм;

Тәуелсіз көпұлтты Қазақстан Республикасының негізгі бағыты – елдің бейбітшілігі мен бірлігінде, осыған мысал ретінде 20 жыл бұрын Елбасымыз Н.Назарбаев ядролық сынақ полигонын жабу туралы шешімді қабылдау, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары (АӨСШК) ұйымына кіру және ЕврАзЭО, Шанхай ұйымы, ең басты елеулі оқиға 2010 жылы ЕҚҰЫ төрағалық етіп, әлемдік аренаға өз атын мәлім етті.

Қазақстандық модельдің басқа модельдерден айырмашылығы басты мәселелері ортақ және келісіммен шешілуде. Сондықтан бастамасынан бері елді басқару жүйесінің екі негізгі бағыттары:

Бірінші: ұлттық жаңғыру және қазақ халқының, ұлттық еркіндік пен тәуелсіздіктің, қазақ мемлекеттілігі, тарихы, тілі, дәстүрінің қазақ қоғамының негізі түрінде дамуы.

Екіншісі: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы Заңында көрсетілгендей, әрбір ұлт өкілі тең құқылы және тарихи кезеңдермен байланысты болғандықтан, бірлесіп Қазақстан халқын құрауы керек.

Қазақстан тұрғындары үшін ең басты міндет, қазақ халқы мен басқа халық өкілдерінің арасындағы ұлттық татулық пен бірегейлік болып табылады. Бұл тұтастай екі бағыт Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық саясатына бастаудың негізгі бір жолы.

Қазақтардың Бірінші Дүние жүзілік құрылтайында мынадай екі мәселе қарастырылды, бірінші, жас тәуелсіз мемлекеттің шетелде тұратын қазақ тұрғындарына деген қарым-қатынас талаптарын анықтау. Екінші, қазақ диаспорасы - бұл біріңғай қазақ ұлтының өкілеті.

Үшіншіден, Қазақстан шетелдік отандастардың жан-жақты мүддесін шешуде үстемдігі туралы шешім қабылданды.

Тәуелсіздігіміз бен егемендігіміздің арқасында, Қазақстанның ішкі және сыртқы дамуындағы қателіктер мен кемшіліктерді жойды.

Ұлттық саясат мынадай мәселелерді шешуді жалғастырды, келісім орнатудың негізгі принциптерін, қарым-қатынастың тұрақтылығын, жоғарғы заңның және шоғырланудың белсенділік мәселелерін ойдағыдай орындауын және т.б. Н.Ә.Назарбаев 1995 жылы Қазақстан халқының ұлттар Ассамблеясының I ші сессиясында ұлттық мәселелердің шешімін табудың үш жолы бар екендігін айтқан болатын.

Бірінші - бұл жол тайталасу, көп адамдар өздерін құрбан етуі арқылы төңкеріспен келетін жол.²⁸⁵

Екінші - ұлттық мәселелерді шешуде мәселелер өздігінен жойылады деп үміттеніп жүру, ол қате пікір, бұл мәселенің тығырықтан шығар жолы емес.

Үшінші - бұл нақты шешім қабылдайтын дұрыс жол, еңбек пен бейнетті талап ететін, біздің ұстанып келе жатқан жолымыз [1, 260-261б].

Этносаралық қатынастың әрбір моделінде өзінің қағида жүйелері болады. Ол өзара байланысты қағидалардан тұрады. Дәл осы қағидалар адамдардың олармен бағдарламаланатын тәртібін анықтайды. Қазақстандық ұлттық моделі келесі қағидаларда құрылады:

Бірінші қағида. Этникалық, конфессионалдық, мәдени, тілдік алуан түрлілік біздің баға жетпес байлығымыз болып табылады.

Екінші қағида. Біздің мемлекетіміз бір мақсатқа бағыттала отырып, мәдениетіміздің және Қазақстандағы этностардың тілдерінің дамуы үшін барлық жағдайды жасайды.

Үшінші қағида. Біздің ұлтымыздың маңызды құндылығы болып толеранттылық пен жауапкершілік саналады.

Төртінші қағида – қазақ этносының шоғырландырушы рөлі.

Бесінші қағида – Қазақ халқының бірлігі.

Олар Қазақстандағы ұлттық саясаттың практикасынан шығып мақұлданған және осындай тұжырымдамамен және белгілі бір ретпен баяндалған [1 б.467-469].

БҰҰ Бас Ассамблеясының қашқындар ісі жөніндегі Комиссарының мәліметі бойынша, КСРО құлағаннан кейін ондағы 9 млн. жуық адам миграцияға ұшырады, бұл осы алқаптағы Екінші Дүние Жүзілік соғыс аяқталғанынан бергі ең ауқымды қоныс аудару болды [2].

Күрделі этносаралық жағдай бүкіл посткеңестік кеңістікте белгіленді. Этносаралық дағдарыстың жаппай күшеюінің осындай шарттарында Қазақстан беймаза ортаның бейбіт және келісім тірегі болды.

Ұлттық саясатты құру мен оны нақты мазмұнмен толтырудың ең басынан Қазақстан оны институциялизациялау жолымен кетті. Қазақстан Ұлттық Ассамблеясының 1985 жылы пайда болуы ұлттық саясаттың институциялизация деңгейіне шыққанын білдірді. Ұлттық саясатты шынайы механизммен қамтығандықтан, Ассамблеяны мемлекет Президенті басқарды. Полиэтникалық қоғамдағы этносаралық қатынастарды басқарудағы қазақстандық тәжірибенің ерекшелігі мен іскерлігін осыдан байқауға болады.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы мемлекет пен азаматтық қоғамның арасындағы өзара әрекеттестікті байланыстырды. Өзінің даму сатысында ол Қазақстан Халықтары Ассамблеясынан (1965) Қазақстан Халқы Ассамблеясына (2007) дейінгі жолды өтті. Осы Қазақстандағы ұлттық саясатты институттау басқа елдердегі ұлттық саясаттан оны ерекшелейді.

Посткеңестік аумақта осы саясаттың аумағында салыстырмалы талдау келесіні көрсетеді. Біріншіден, кейбір посткеңестік республикаларда ресми түрде «ұлт азшылықтары» түсінігі қабылданған. Екіншіден, олардағы Қазақстан мысалында құрылған Ассамблеялар – ол қоғамдық ұйымдар, оның этносаралық қатынастарды шешуде нақты іс-әрекеті жоқтың қасы. Қазақстан егемендігінің бастапқы кезеңінде не

нормативтік-құқықтық, не қоғамдық-саяси жобаларында «ұлт азшылығы» терминін енгізген жоқ. Бұның нәтижесі ретінде түрлі ұлттарды «азшылық» не «көпшілік» деп бөлген емес.

Ұлтаралық қатынастар үлгісі «Қазақстан-2050» Стратегиясына енген жаңа саяси бағыт болып табылады. Онда үлгілердің толық, барлық элементтерінің нақты даму жолдары берілген. Біріншіден, қоғамдық бейбіт өмір ұлт ретіндегі ұлттық сапамен анықталады. Екіншіден, көпұлтты мемлекет болып өмір сүру жаңа қазақстандық патриотизм, барлық ұлттардың азамат ретінде тең құқылы болуын қажет етеді. Үшіншіден, Қазақстан азаматтық қоғамының негізгі күші – қазақ халқы, тілі, оларға деген жауапкершілігі, ұлттық интеллигенциясы. Қазақстан халқының тарихи танымы бүкіл қазақстандық деңгейге дейін болуы керек. Бұл үлгінің құндылығы – бірлік, бейбіт өмір сүру және толеранттылық. Қорыта келгенде, 2050 жылы қазақстандықтар жоғарғы деңгейдегі үш тілде сөйлейтін қоғамға айналады. Және олар - әлем азаматтары болып табылады [3].

Ұлтаралық қатынас мәдениетінің үдерісі күрделі және көпжақты. Ол тұлғаны әлеуметтендіру факторлары мен шарттар спектрінің барлық кезеңдерін қамтиды. Ұлтаралық қатынас мәдениетінің қалыптасуы ұлтаралық қарым-қатынас моделіне бағынатын ұлттық саясаттың объектісі болып табылуын ескеріп, өз кезегінде мемлекеттік саясатқа толықтай кіреді.

Этносаралық толеранттылықты кешенді түрде ұғындыру қажет. Ол ұлтаралық қатынас мәдениетінің негізі ретінде ұлттық мінез-құлықтың, діл элементінің, басқа этностардың өмір сүру салтына, салт-дәстүріне, наным-сеніміне, көзқарастарына, идеяларына, сезімін сыйлауды білдіреді. Сонымен бірге адамдар қоғамда өздерінен басқа да этностардың бар екенін, олардың ерекшелігін сыйлау қажет екендігін түсінеді. Толеранттылық ұлтаралық қатынас мәдениетінің деңгейін басқа ұлт өкілдерінің бірлесіп қызмет етуге дайындығын көрсетеді. Толеранттылық бұл ұлтаралық қатынастар арасындағы қақтығыстарды болдырмау үшін қызмет құралы, бұл ұлтаралық қатынас мәдениетін дамытатын маңызды элемент. Оның ауқымын одан әрі тарататын болсақ онда толеранттылық бұл ұлттық мемлекеттік саясаттың принципі оның демократиялылығын көрсететін көрсеткіш, мақсаты ұлттардың өзара теңдігі, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасы, бірігіп қызмет етуі, өзара келісімі мен бірлігі.

Адамзат тарихында Доктрина құбылысының пайда болуы қоғам дамуының әлеуетті қозғаушы күші ретінде адамның субъективтік фактор ретіндегі рөлінің өсуімен және руханилылық рөлінің прогресстің қозғаушы күші ретінде өсуімен байланысты. Доктрина – бұл жазған және жазылмаған баршаға түсінікті өмір тәжірибесінен алынған ережелер жиынтығы. Мұнда адамның ішкі дүниесі қоғамның дамуы үшін қызмет етеді. Адамзат тарихында нақты бір елдердің социумына Доктриналардың әсер еткені жайлы көптеген мысалдарды келтіруге болады. Мысалы, Конфуцийдің, Монроның Доктриналарын айтуымызға болады. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XIV сессиясында Елбасы еліміздің жаңа даму жолына түскендігін айта келе жақын арада шешілуге тиісті бірнеше маңызды міндеттерді алға тартты. Мұндай міндеттің бірі болып ұлттық бірлік Доктринасын жасап өңдеу қажеттілігі айтылды, өз кезегінде ол Қазақстандық қоғамның әр қарай дамуының негізгі мақсаттарын анықтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Назарбаев Н.А. Политика мира и согласия. – Астана. 2008.
- [2] Положение беженцев в мире. УВКБ ООН. 2000. – С. 304
- [3] 13. www.akorda.kz